

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
24.11.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 24.11.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Сауда және интеграция министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов мырзаға беріледі.

**СҰЛТАНОВ Б.Т.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Осы келісімнің ратификациялануы Қазақстанда әзірленген стандартты үлгілерді келісімге қатысушы елдерде қосымша сынақ рәсімдерін жүргізусіз тануға мүмкіндік береді. Яғни, Қазақстан Республикасы стандартты үлгі өндіріліп, сынақтардан және үлгінің типін бекітуден өтсе, келісімге қатысушы басқа елдер, қосымша сынақтарсыз техникалық құжаттаманың сараптама нәтижелерін мойындайтын болады.

Осылайша, мемлекетаралық мәртебесі бар қаралып отырған келісімді ратификациялау, метрология саласындағы өлшеу нәтижелеріне деген сенімді арттырып, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекетаралық стандартты үлгілер, экономиканың түрлі салаларында сұранысқа ие және кеңінен қолданылады.

Ұлттық тізілімде бүгінгі күні 634 стандартты үлгі тіркелген. Оның ішінде 337-і мемлекетаралық стандарттық үлгілер тізіліміне енгізілді.

Ағымдағы жылы біздің Стандарттау және метрология институты 163 стандарттық үлгіні әзірлеп, олардың Мемлекетаралық стандарттық үлгілер тізіліміне енгізілгенін атап өткім келеді.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қорытындылай келе, осы келісімді ратификациялау келісімге қатысушы елдер арасындағы техникалық кедергілерді жоюға мүмкіндік береді. Келісімге қатысушы

мемлекеттер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың болуына жағдай жасайды, бұл стандартты үлгілер экспортының дамуына қолайлы әсер етеді.

Бизнес үшін – қаржылық әл-ауқатын арттыруына жаңа жағдайлар жасайды, әкімшілік жүктемелерді қысқартады және кәсіпкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Төлепберген Мейрамбек Мылтықбайұлына беріледі.

ТӨЛЕПБЕРГЕН М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Біз қарап жатқан келісімде Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі қағидаларының қолданысын сақтауға арналған сілтеме бар.

Көрсетілген қағидалардың 4-7-тармағына сәйкес мемлекетаралық стандартты үлгілердің метрологиялық мәртебесі ұлттық стандарттық үлгілердің мәртебесіне қатысты неғұрлым жоғары болып табылмайды.

Мемлекетаралық стандартты үлгілердің метрологиялық мәртебесінің ұлттық стандартты үлгіге қатысты айырмашылығы неде екенін айтып берсеңіз. Рақмет.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Өзіңіз айтқан тармақ бойынша мемлекетаралық стандартты үлгілер мен отандық стандартты үлгілердің мәртебесі бірдей деңгейде қарастырылады. Келісімге қол қойған ел ратификацияламаған жағдайда олардың стандартты үлгілеріне міндетті қосымша сынақтар жүргізілетін болады. Мысалы, ратификациядан өткеннен кейін қазақстандық стандартты үлгілер Ресей мемлекетінде қосымша сынақтарсыз қолданылатын болады. Ал, мысалы, Өзбекстанда ратификациядан өтпеген, сондықтан оларда тек қосымша сынақ жүргізумен қаралады. Ресейде ұлттық стандарттық үлгілер мәртебесі қаралады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ақышев Самат Сағынбайұлына беріледі.

АҚЫШЕВ С.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бахыт Турлыханович! Как известно, во многих государствах – участниках Содружества Независимых Государств ведется пересмотр действующего законодательства в сфере метрологии. В результате возникают технические барьеры для применения межгосударственных стандартных образцов.

В Российской Федерации, например, для применения стандартных образцов других стран законодательно предусмотрена обязательная процедура дополнительных испытаний.

Теперь же согласно статье 4 соглашения межгосударственные стандартные образцы должны будут применяться в государствах – участниках настоящего соглашения, как было сказано, без дополнительных испытаний или исследований. Тем самым снимается один из барьеров.

Скажите, пожалуйста, какие еще положительные моменты несет в себе соглашение, во-первых, для Института стандартизации и метрологии; во-вторых, для отечественных товаропроизводителей? Спасибо.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Большое спасибо.

Данное соглашение для нашего института и в целом для системы метрологии и стандартизации приносит очевидные плюсы, поскольку страны – участницы этого соглашения будут как бы стимулироваться, чтобы наполнять единый перечень этих стандартов. Конечно же, это приведет к большому доступу нашей системы к современным метрологическим и эталонным образцам, повышению доверия в целом к результатам измерения в области метрологии и обеспечит единые подходы. В свою очередь, это тоже один из элементов ухода от серых сертификатов, потому что будет более широкий доступ предпринимателей к этим стандартам.

Для самих же предпринимателей выгода очевидна, потому что это требование. Когда он едет со своей продукцией в страну-участницу, если это не ратифицировано, как я в предыдущем ответе говорил, то вынужден проводить дополнительные исследования. По времени это будет занимать полтора месяца, ну и, понятно, финансовые издержки.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлына беріледі.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Қаралып отырған Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге Үкімет басшылары деңгейінде қол қойылды. Бірақ 2006 жылы 24 маусымда осыған ұқсас келісімге елдердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдар деңгейінде қол қойылғаны белгілі. Мына сұрақтарға жауап беруіңізді өтінемін.

Бірінші сұрақ. 2006 жылғы 24 маусымдағы келісімді орындау шеңберінде Қазақстан тарапынан қандай жұмыстар атқарылды?

Екінші сұрақ. Айтыңызшы, қаралып отырған келісім қабылданғаннан кейін 2006 жылғы 24 маусымдағы келісім өз күшін жоя ма? Рақмет.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Сұрақтарыңызға рақмет.

Екінші сұрақтан бастайын. Ратификациядан өткеннен кейін 2019 жылы қол қойылған жаңа келісімшарт күшіне енеді, ал 2006 жылғы мемлекетаралық кеңестің көне келісімшарты күшін жоятын болады.

Жалпы, 2006 жылдан бері қолданыстағы заңнамаға сәйкес біраз жұмыс жасалды. Бүгінгі күні осындай 174 бірлік әзірленді. Былтырғы жылы қосымша 163 бірлік әзірленіп, ол мемлекетаралық тізімге енгізілген болатын. Әрине, жаңа келісім бойынша келесі жылдары белгіленген көлемді арттыруға мүмкіншілік болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлына беріледі.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Келісімге қатысушы мемлекеттер үшін су мен атмосфералық ауа сынамаларындағы әртүрлі химиялық заттар мен ластанғыштардың құрамын өлшеуді метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері қоршаған ортаға техногендік жүктеменің ұлғаю жағдайында аса өзекті болып отыр.

Осы тұрғыда су сынамаларындағы мұнай мен мұнай өнімдерінің құрамын өлшеуді метрологиялық қамтамасыз етуге арналған стандартты үлгілер үлкен қызығушылық туғызады, өйткені келісімге Қазақстан, Ресей, Әзербайжан және Түрікменстан сияқты Каспий маңы мемлекеттері қол қойған.

Осыған байланысты су сынамаларындағы мұнай өнімдерінің құрамын анықтау бойынша қандай мемлекетаралық стандартты үлгілер бар? Келісімге қатысушы мемлекеттердің осындай стандартты үлгілерді қолдануы бойынша мысалдар бар ма? Рақмет.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл маңызды мәселе. Бүгінгі күнге дейін біздің институтта және біздің зертханаларда осындай үлгіні жасауға мүмкіншілік болған жоқ, өйткені экологияға байланысты ғылыми зерттеулер жасау қажет еді. Мемлекетаралық стандартты үлгілердің тізілімінде Ресей әзірлеген осындай үш мемлекеттік стандарттық үлгі бар, сондықтан 2006 жылғы келісімшартқа сәйкес біз оларды қолдана аламыз, бірақ тауар келгенде біз қосымша сынақтардан өту талаптарын қоямыз. Сондықтан жаңа келісімшарт бойынша үш мемлекеттік стандартқа қолжетімділік болады және ол кәсіпкерлердің шығындарын азайтады. Сондай-ақ қосымша осындай стандартты үлгілер әзірленеді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бақыт Тұрлыханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Ертаев Сырым Махамбетұлына беріледі.

ЕРТАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және ынтымақтастықтың өзге де салаларындағы техникалық кедергілерді жоюға, сондай-ақ мемлекеттердің заттар мен материалдардың стандартты үлгілеріне қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Келісімді ратификациялау осы келісімге қатысушы мемлекеттерде ұлттық және мемлекетаралық стандартты үлгілерді жасау және қолдану жөніндегі келісілген саясатты жүргізуді, сондай-ақ келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қосымша сынақтар мен зерттеулер жүргізбей және ұлттық стандартты үлгінің типін бекітпей, мемлекетаралық стандартты үлгілерді қолдануды көздейді.

Заң жобасының негізгі бағыттары бойынша Сауда және интеграция министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов баяндап берді.

Құрметті әріптестер! Заң жобасы жұмыс тобының отырыстарында және комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті депутаттар, осы заң жобасын қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сырым Махамбетұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бердалин Аманғали Бейсенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Мен бұл заң жобасын қолдаймын.

Осы келісімді ратификациялау Қазақстанда әзірленген стандартты үлгілерді одан әрі Мемлекетаралық стандартты үлгілер тізіліміне енгізе отырып, сынақтар бойынша қосымша рәсімдер жүргізбестен, мемлекетаралық стандарттық үлгілер ретінде тануға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік стандартты үлгілерді мемлекетаралық стандарттық үлгілер ретінде тану оларды экономиканың – тағам саласы, экология, медицина, металлургия, мұнай саласы және тағы басқа сияқты әртүрлі салаларында қолдану мүмкіндік береді.

Сондай-ақ осы келісімді ратификациялау келісімге қатысушы елдер арасындағы техникалық кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Бұл келісімге қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін жағдай жасайды, ол стандартты үлгілердің экспорты мен импортының дамуына қолайлы әсерін тигізеді.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты заң жобасын қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Аманғали Бейсенбайұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді біз осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сондықтан қаулының жобасын дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Қаулы қабылданды.



*Құжаттаманың қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Мамір Н.Майғандар.*